



**Автор:** Сариева Әлия Әбілғазықызы

**Пән:** Қазақ тілі (Т1)

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Ғаламтор және әлеуметтік желілер

**Тақырып:** Интернет желілері

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | T/A1.Болжау T/A3. Мәтіннен ақпаратты анықтау                                                                                                                                                                                                                                   |
| Сабақтың мақсаты:                             | • Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау. • Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау.                                                                                                                   |
| Тілдік мақсаттар:                             | «Интернет желілері» тақырыбы аясында тілдік дағдылары дамиды. Айтылымға қатысты тіркестер: менің байқағаным, менің ойымша,... мен ... ойлаймын.                                                                                                                                |
| Күтілетін нәтиже:                             | Мәтіннің атауын талқылай алады; - Алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай алады; - Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтай алады.                                                                                                    |
| Бағалау критерийлері:                         | Мәтіннің атауын талқылай алады; - Алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжай алады; - Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтай алады.                                                                                                    |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Адалдық, серіктестік, толеранттылық, үштілділік, денсаулық, құрмет, жауапкершілік жәнеүздіксіз оқу. Сабақта оқушылар бойына серіктестік және жауапкершілік сынды құндылықтарды дарыту, жаһандық азаматтық ұстанымымағынаны тану кезеңіндегі тапсырмаларнегізінде жүзеге асады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Интербелсенді тақтамен жұмыс, слайд қолдану                                                                                                                                                                                                                                    |
| Пәнаралық байланыс:                           | Әлеуметтану, информатика                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Бастапқы білім:                               | II тоқсанда өткенді қайталау                                                                                                                                                                                                                                                   |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                        | Ресурстар |
|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың басы   | Сәлемдесу, оқушыларды 4 топқа бөлу Қызығушылықты ояту. «Суретті сөйлет» Оқушыларға сурет көрсетіледі. Суретке қатысты кіріспе ой қозғалады, сабақ тақырыбы болжанады. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийлері таныстырылады.                                                      |           |
| Сабақтың ортасы | Тыңдалым алды тапсырма 1.Оқушыларға «Жастар», «Мәдениет», «Интернет» және «Әлеуметтік желілер» ұғымдары ұсынылады. Олар осы сөздердің кемінде 3-еуін қолдана отырып, сөйлем құрайды. Сыныптастарына оқиды. 2. Оқушылар «Әлеуметтік желі» түсінігіне анықтама ұсынады, түсініктері дамытылады. |           |
| Сабақтың соңы   | Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «Ыстық орындық». Сенің өміріңде әлеуметтік желілердің маңызы мен рөлі қандай деп ойлайсың? Оқушылар ой бөліседі, қорытынды пікірлерін білдіреді.                                                                                                                 |           |
| Рефлексия       | Рефлексия □ Сабақта не қызықтырды? □ Не қиындық келтірді? □ Не оңай болды? Сабақты қорытындылау, оқушыларды бағалау                                                                                                                                                                           |           |